

БӨЛІМ: АШЫҚ САБАҚТАР

Үй жануарлары

ЖАРИЯЛАНДЫ
24.09.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/81850/>

Кіріктірілген білім беру салалары: «Коммуникация» «Шығармашылық»

Бөлімдері: Сөйлеуді дамыту. Жапсыру

Тақырыбы: «Үй жануарлары»

Мақсаты:

1. Білімділігі: Балаларға үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру, олардың пайдасы, маңызы туралы түсінік беру.

2. Дамытушылығы: Олардың түрлерін бір-бірінен ажыратуға, айтқандай зейін қойып тыңдауға үйрету көзделіп үй жануарларына байланысты тақпақтар мен мақал-мәтелдер айтқызу, сұрақ-жауап, жұмбақ шешу арқылы тіл байлықтарын дамыту.

3. Тәрбиелігі: Үй жануарларының бізге тигізер пайдасын айтып, ұлттық тәрбие негізін еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, түстерді ажырата білуді үйрету, жапсыру реттілігін түсіндіру және жапсыру дағдыларын қалыптастыру.

Шаттық шеңбері:

Арайланып таң атты

Алтын сауле таратты

Жарқырайды қаламыз

Жайнай түсті даламыз

Қайырлы таң, балалар!

Қайырлы таң, апайлар!

Амандасу: Сәлеметсіздерма! Здраствуйте!

Сұрақ-жауап:

-Қазір жылдың қандай мезгілі?

-Көктем айларын кім айтады?

— Наурыз, сәуір, мамыр.

-Балалар сендер үй жануарларын білесіңдер ма?

-Сиыр, қой, ешкі, жылқы, түйе

-олар қайда тіршілік етеді?

-Ауылда.

-Ендеше біз, балалар үй жануарларымен жақын танысу үшін ата-әжеміздің ауылына

саяхатқа барамыз.

Балалар ауылға саяхатқа шығады.

Интерактивті тақтадан үй жануарларын көрсету, жеке-жеке мағұлмат беру.

Слайд арқылы тәрбиеші жұмбақ жасырады:

Кішкене ғана бойы бар,

Айналдырып киген тоны бар. (қой)

Кезікті бір жануар

Үстінде кеі тауы бар (түйе)

Басында екі таяғы бар.

Төрт аяғы, сақалы бар. (ешкі)

Өріске ерте өреді,

Біздерге сүт береді. (сиыр)

Мақал-мәтел айту.

*Мал өсірсе қой өсір, пайдасы оны көл-көсір.

*Төлден мал өседі, шыбықтан тал өседі.

*Жылқы малдың патшасы, түйе малдың қасқасы.

*Малды баға біл, бабын таба біл.

*Тұлпар ер қанаты.

*Құтты қонақ келсе, қой егіз табады.

Балалар ата мен әжеге үй жануарлары туралы тақпақтар айтып берейік.

Балалар тақпақты жатқа айтады.

«Төлдерін, балаларын ата»

Сиыр-бұзау,

Жылқы- құлын

Қой-қозы

Ешкі-лақ

Түйе-бота

Ит-күшік.

Ойын: «Не артық?»

Балалардың алдына үй жануарлары мен жабайы аңдар аралас қойылады, балалар жабайы аңдарды алып тастау керек. Қалған үй жануарларын адамдарға пайдасы туралы сипаттайды.

Сиыр- сүт, қаймақ, май, ірімшік, құрт жасаймыз

Жылқы-жүк тасиды, қымыз, ет, терісінен киім тігеді.

Қой- етін жейміз, жүнінен киім тоқиды.

Ешкі- түбінен киім тоқиды

Түйе- шұбат жасайды сүтінен,жүнінен киім тоқиды.

Ит- үйімізді күзетеді

Сергіту сәті

Ерте тұрып таңертең

Апам сауды сиырды

Сүт қайнатып, сапырып

Ұйытады айранды.

Тәрбиеші балаларға үй жануарлары салынған суретті ұсынады және жануарларға шөп жапсыруды ұсынады. Әдіс-тәсілдерімен таныстырады, дайын қиылған жасыл қағазға желімді жағып, жылқы, түйе, сиыр, қойларға шөпті жапсырып көрсетеді және балалардың өздеріне жапсыруды ұсынады.

Балалар үй жануарларына жасыл шөптерді жапсырады, ұқыпты жұмыс жасайды.

Әже балаларға рахмет айтып, риза болады.Сиырдың сүтінен, қаймағын, сүзбесін, айранын, қой ешкінің жүнінен тоқылған киім мен шұлықтарды таныстырады және сиыр сүтінен жасалған құртты топқа барғасын дәм татыңдар деп ұсынады.

Ән: «Қошақаным»

Қорытынды:

Сұрақ-жауап арқылы оқу іс-әрекетін қорытындылау.

-Балалар бүгін не туралы айттық?

-үй жануарлары мен төлдерін ата.

Жарайсыдар балалар! Бүгінгі оқу қызметіне өте жақсы қатыстыңдар, үй жанурлары туралы жақсы біледі екенсіңдер, мен сендерге ризамын.

Бүгінгі оқу қызметіміз аяқталды, қонақтармен қоштасамыз.

Балалар әже мен атаға рахмет айтып, балабақшаға оралады.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.